«Бекітемін»
Мектеп директорының м.а.
_____Ш.М. Айтжанова
«__» _____2023ж.

«Ұялы ауылының негізгі орта мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылындағы
«Тіл мәдениеті»
Үйірме сабағының жылдық есебі
5 СЫНЫП

Пән мұғалімі: Боранбаева М.М

2023-2024 оқу жылы

Түсінік хат

Бұл бағдарлама 5-сыныптарда мектеп компоненті бойынша қазақ тілін кең көлемде жүргізуге арналған және қазақ тілінің қазіргі кездегі мәселелері қарастырылған. Атап айтқанда, фонетика және лексика салалары негізінде әр тақырыпқа жеке түсінік беріледі. Дәріс, жаттығу, талдау жұмыстары қоса қамтыла келе қазақ тіл білімі салаларының бір-бірінен ерекшеліктері, сонымен бірге тығыз қарым – қатынаста болатындығы жөнінен мағлұмат береді.

«Тіл мәдениеті» курсын игеру үшін қажетті білімдер мен дағдылардың жинағы: қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, лексикологиясы, сөзжасамы салаларынан толық және де жан-жақты білімді болу. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру – тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз үдерісі. Білім берудегі мақсат – қоғам мүшелерінің жоғарғы деңгейдегі адамгершілік, интеллектуальдық, мәдени және тұлғалық дамуына әрі кәсіптік құзырлығынақол жеткізу болып саналады» , - деп көрсетілген. Себебі, мектептегі оқыту ісінің басты міндеті – оқушылардың ойлау дағдысын, жоғары интеллектуальдық ой-өрісін қалыптастыру деп есептесек, бұлардың бірден-бір алғышарттары болып табылатын қарым – қатынастық (коммуникативтік) танымдық, адамгершілік, эстетикалық т.б. дағдыларды оқушылар тікелей тілді оқып үйрену үдерісінде меңгереді.

Ұсынылып отырған таңдау курсының бағдарламасы 5 - сыныпқа лайықталып жасалған. Апталық сағат саны – 0,5 сағат., жылына – 17 сағат.

Оқу пәнінің мақсаты:

Сөйлеу тіл мәдениеті машықтарын меңгерген,коммуникативтік біліктілігі артқан,логкалық ойлауы өз деңгейіне сәйкес дамыған,мәдениетті сөйлеуге бейімделген оқушыны тәрбиелеу және қазақ тілі сабақтарында ақпарттық,тілдік қарым-қатынасты дамытып,өзінің ана тілін-қазақ тілін сапалы меңгерген тұлға қалыптастыру. Оқушылардың жеке бас ерекшелігіне қарай қабілетін аша отырып, дифференциялды түрде осы пәнді теориялық, әрі практикалық жағынан тереңдету, сөйлеу, жазу мәдениетін жетілдіру, өзіндік ой-пікірін дамыту, ана тілінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінген, әдеби тіл нормаларын жетік қолдана білетін және осы әсем тілдің сөз сырын жан-жақты таныта алатын, адамгершілік тұрғыда дұрыс шешім қабылдай білетін, ұлттық санасы жоғары, білімді, мәдениетті, шығармашылық қабілеті қалыптасқан тұлға қалыптастыру.

Оқу пәнінің міндеті:

Сөз адамның ой-өрісін ,мәдени дәрежесін,байыптылығын ,ақыл-парасатын көрсететінін ұғындыру.

Сөйлеу мәдениетіне қай уақытта болса да ерекше мән бергенін ,қай халық болса да қатты бағалағанын түсіндіру .

Сөйлеу мәдениеті сөйллеуші адамның ішкі жан дүниесінің тазаығына да,сөз өнеріне де қатыстылығын ескере білу.

Сөзге шеше адам мәдениетті әрі шебер сөйлеу білу керек екенің түсінік беру.Мәдениетті,ой-өрісі жоғары,өмірге сенімді,адал адамдардың сөйлеу тілі де жоғары болуға тиістілігін аңғарту

Тіл –адамның ішкі жан дүниесінің айнасы екенін ұғындыру.

- Оқушының танымдық қабілетін дамытып, қызығушылығын арттыру.
- Сөйлеу туралы түсініктерін кеңейте отырып, өз ойын жүйелі түрде жеткізе білуге үйрету.
- Оқушыны тек білім алуға ғана емес, ұжымдық қарам-қатынасқа қалыптастыру.
- Өзіндік білім, білік дағдыларын игерту, көркем де сауатты жазуын қалыптастыру.
- Оқушы сөздердің жасалу жолын ажыратуға, практикада қолдана білуге және талдау, салыстыру, жүйелеу, жинақтаумен бірге шығармашылық жұмыстар істеу қабілетін арттыру.

Пәнді меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар

Лексика және грамматика саласында тілдік білімдетін меңгеруі тиіс:

- сөздің мағыналарын айыра біледі, оларды сөйлеу тілінде еркін қолданады;
- сөздік құрам түрлерін меңгереді, контекстегі қолдану ерекшеліктерін талдайды, ауызша және жазбаша жанрларда шығармашылықпен қолданады.
- жаңа сөз тудырудың тәсілдерін біледі, оларды бір – бірінен ажырата алады.
- тілдік ұғымдардың мәнін ашатын диаграммалар, кестелер құрастырады,оны таратып түсіндіреді.
- өз бетімен оқи білуі, түсінуі және түрлі мәтіндерді талдай білуі тиіс. Қажетті ақпараттарды ала білуі және оқығандарына баға беруі тиіс.
- мәтіннен өзіне қажетті ақпараттарды іріктейді, оларды тілдік қатынаста мақсатқа сай саралап, еркін қолданады.
- оқыған мәтіндеріне сапалық жағынан талдау жасап, өзінің берген бағасын дәйектеп айтады, тақырыпқа сәйкес жоба-жоспар жасап, мәтін құрайды.
- сөздердің синонимдік, антонимдік, омонимдік, көпмағыналық сипатын жанр түрлеріне қарай айырып, таңдап қолданады.
- әдеби нормамен, монолог, диалог түрінде пікірлеседі.

Оқу курсының тақырыптарының мазмұны

Кіріспе сабақ. Қазақ тілі туралы (1 сағат)

Түркі тілдер тобының 6 топқа бөлінуі. Оңтүстік тобы (түрік, гагауыз, әзірбайжан, түркімен), батыс тобы (қарайым, қарашай, балқар, қырым татарлары, құмық, татар, башқұрт), орталық топ (қазақ, қарақалпақ, ноғай, қырғыз), шығыс тобы (өзбек, ұйғыр, сары, слар), солтүстік тобы (алтай, шор, хакас, тува, тофа, саха), чуваш тобы. Көне түркі тілдері (хазар, бұлғар, ұйғын, көктүрік, сақ, авар) мен әлемдегі түркі тілді халықтар тіл туыстығы жағынан 6 топқа бөлінеді. Қыпшақ бұтағы, оғыз бұтағы, қарлық бұтағы, аралық бұтақ, чуваш, саха. Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы заңдары (1998., 1995., 1997 ж.ж.) Қазақстан Республикасының Ата Заңында қазақ тіліне берілген бабы (7 бап), қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, мәртебесін арттыру, дамыту мақсатында «Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасы» (2001-2010 ж.ж.) басшылыққа алу. Заң тұжырымдамаларын жаттау.

Қазақ тіл білімі тарауларының туралы түсінік.

Фонетика туралы (1 сағат)

Қазақ лингвистика ғылымы үлкен 3 салаға бөлінеді. Лингвистика қай тілден енгенін айту. Фонетика, лексика, грамматиканың зерттеу зерттеу салаларына қысқаша тоқталу. Фонетика және орфография.

Дауысты дыбыстардың емлесі (1 сағат)

Дыбыс, фонема, әріп, алфавит. Тіл дыбыстары туралы түсінік. Дауысты дыбыстардың емлесі: а,ә,е,о,ө,ү,ұ,у,ы,і,и,я,ю,е,э., әріптерінің қолдануы

Үндестік заңы (1 сағат)

Буын үндестігі және дыбыс үндестігі. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар. Кірме сөздердегі буын үндестігіне бағынбайтын жағдайлар. Дыбыс үндестігі: ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпалдың түрлері. Екпін. Ой екпіні, сөз екпіні, тіркес екпіні, дыбыс екпіні. Екпін түспейтін сөздер мен қосымшалар.

Тест (1 сағат)

Орфография және орфэпия (1 сағат)

Орфография дұрыс жазудың нормасы, орфоэпия дұрыс сөйлеудің нормасы. Орфографиялық заңдылық негізделетін принциптер: А) фонетикалық; ә) дәстүрлі принцип; б) морфологиялық принцип.

Лексика тарауы туралы түсінік (1 сағат)

Лексиканың негізгі салалары: Сөз бен ұғым. Сөз бен мағына. Сөз мағыналары.

Омоним мен полисемияның айырмашылығын түсіндіру (1 сағат)

Табу сөздер мен этимология тарауы туралы түсінік беру. Ономастика,топонимикалық сөздердің шығу тарихы.

Эвфемизм мен дисфемизм (1 сағат)

Тілдің суреттеме құрал троптарын оқыту. Метафора, эпитет, синекдоха, метонимия, теңеуді көркем мәтіндерді пайдалана отырып ұғындыру. Термин сөздер, олардың қолдану аясын айту. Басқа тілден енген сөздерді ажырата білуге үйрету. Араб-Иран тілдерінен, Монғол тілдерінен, Түркі тілдерінен енген сөздерді білуге бағыт беру.

Фразеологиялық сөз тіркестері (1 сағат)

Фразеология грк тілінен шыққан термин. Фразеологиялық сөз тіркесі екіге бөлінеді. Олар фразалық тіркес пен идиомалық тіркес. Мақал мен мәтелдердің айырмашылығын оқыту.

Диалектология туралы жалпы түсінік (1 сағат)

Арготизм: жергілікті диалектілер мен әлеуметік диалект, әдеби тілдің ара салмағын ұғындыру. Говор, диалект, метатеза туралы түсінік беру.

Сөздіктің түрлері (1 сағат)

Сөздік дегеніміз не?

Омоним, энциклопедиялық, синонимдік, аударма, түсіндірме, терминдік сөздіктер

Тест (1 сағат)

Грамматика тараулары туралы жалпы түсінік

Сөзжасам және орфография (1 сағат)

Сөзжасамдық тізбек пен сөзжасамдық ұя, сөзжасам жүйесі. «Грамматика» терминіне түсінік беру. Тарихи грамматика, сипаттама (синхрондық) грамматика, салыстырмалы грамматика бөлімдеріне шолу жасау. Грамматикалық тәсілдер, грамматикалық құрылым,грамматикалық форма, грамматикалық мағынаны ажрату. Граматикалық тәсілдер үшке бөлінеді: олар синтетикалық, аналитикалық, лексика-семантикалық тәсілдер. Жұрнақтар, нөлдік форма, көмекші морфема, сөз тұлғаларын оқыту. Дара сөздер мен күрделі сөздердің жасалу жолдарын түсіндіру. Негізгі және көмекші сөздерді мысалдармен ұғындыру. Туынды сөздер бес түрлі жолмен жасалатынын дәлелдеу: лексикалық жолмен, жұрнақтар арқылы, бірігу арқылы, қосарлану, тіркесу жолдарымен.

Сөзжасам жүйесі (1 сағат)

Зат есімнің сөзжасамы. Сын есімнің сөзжасамы, сан есімнің сөзжасамы, етістіктің сөзжасамы (шақ, рай, есімше, көсемше, етіс, тұйық етістік, болымды болымсыз етстік категориялары.) Есімдіктің сөзжасамы: (құрамына қарай, тұлғасына қарай, мағынасына қарай бөлінуі) Еліктеуіш сөздердің сөзжасамы: (дыбыстық және бейнелік түрлері) одағайдың сөзжасамы: (шақыру, жекіру , көңіл-күй одағайлары) шылаудың түрлері: жалғаулық, демеулік, септеулік, сұраулық.

Синтаксис және пунктуация туралы жалпы түсінік (1 сағат)

Синтаксис грек тілінен енген сөз (Sintaxis-құрастыру деген мағынаныбілдіреді.) сигтаксистің басты арнаулы объектісі екеу: бірі-сөз, екіншісі-сөйлем. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері төртеу: интонация арқылы , орын тәртібі арқылы, жалғау арқылы, шылау арқылы. Сөз тіркесінің байланысу түрлері: қиысу, меңгеру, матасу, жанасу, қабысу. Сөз тіркесінің топтастыру принциптері. Сөз тіркесінің мағыналық түрлері екеу, олар: есімді сөз тіркесі және етістікті сөз тіркесі.

Сөз тіркесінің құрылысы (1сағат)

Сөз тіркесінің лексика - грамматикалық мағыналарын оқыту.

Тұрақты сөз тіркесі мен еркін сөз тіркесінің айырмашылығын ажырата білуге үйрету.

Сөйлем туралы түсінік (1сағат)

Сөйлем, және оның негізгі белгілерін білу. Айтылу мақсатына қарай сөлемдер: хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты болып бөлінеді.

Сөйлем мүшелері, оның негізгі белгілері (1 сағат)

1. Бастауыш, негізгі белгілері; құрамы, мағынасына қарай бөлінуі.

2. Баяндауыштың негізгі бегілерін оқыту: есім, етістік, құрама баяндауыштар. «Предикат» деген термин баяндауыш екенін ұғындыру. Бастауыш пен баяндауыштың байланысы. Предикативтік қатынас: Толықтауыштың негізгі белгілері: мағынасына қарай бөлінуі, байланысу түрлері: Анықтауыш, негізгі белгілері:мағынасына қарай бөлінуі, байланысу түрлері. Пысықтауыш: негізгі белгілері:мағынасына қарай бөлінуі, байланысу түрлері.

Үстеудің мағналық түрлерне жаттығу жұмыстары(1сағат)

Қаратпа, қыстырма, одағай сөздердің өзіндік ерекшеліктері, олардың тыныс белгілері, орын тәртібі туралы түсінік қалыптастыру. Сөйлемнің айқындауыш мүшелері туралы. Оңашаланған айқындауыш, тыныс белгілері. Қосарлы айқындауыш. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері туралы.

Тыныс белгілері (1 сағат)

Сөздердің орын тәртібі және ой екпіні

Етістің түрлері(1сағат)

Жақты және жақсыз сөйлем. Жақсыз сөйлемнің жасалуы. Жалаң және жайылма сөйлем. Толымды және толымсыз сөйлем. Атаулы сөйлем. Тірек сызбаларды қолдана отырып, мысалдармен түсіндіру.

Үстеудің мағналық түрлері(1 сағат)

Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері. Жалғаулықты және жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем. Тыныс белгілері. Сабақтас құрмалас сөйлем: көп бағыныңқылы сабақтас пен көп басыңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің ерекшеліктерін ажырата білу. Көп бағыныңқы сабақтас, оның екі түрі: сатылы және жарыспалы көп бағыныңқы (Бірыңғай және әралуан жарыспалы сабақтас)

(1сағат)

Аралас құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері.

Тест тапсырмалары (1сағат)

Үндестік заңын қайталау (1 сағат)

Үндестік заңы туралы түсінік түсінік беру, ұғымды тереңдету.

Зат есім (1сағат)

Ауызекі сөзге ерекшелік беретін түрдері лексикалық тұлғалар. Ауызекі сөйлеу стилінің түрлері: дидарласу, полемикалық, көпшілікке арналған сөз.

Сын есім (1сағат)

Көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктерді тану.

Сан есім (1 сағат)

Іс-қағаздары стилінің ерекшеліктері.

Төл сөз.Автор сөзі. Төлеу сөздің түрлері (1 сағ

Төл сөз.Автор сөзі. Төлеу сөздің тыныс белгілері (1 сағат)

Қорытынды сабақ (1 сағат)

«Пунктуация» термині латын тілінен аударғанда «Punctum»-нүкте деген сөзден шыққан. Тыныс белгілердің қойылу ерекшеліктері: 1. Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілер. 2. Сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілер. 3. Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілер. 4. Сөйлемді ықшамдап қолдануға байланысты қойылатын сызықша.

Тест (1 сағат)

Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілер (1сағат)

Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілер (1 сағат)

Төл сөз (1 сағат)

Төлеу сөз (1 сағат)

Төл сөз бен төлеу сөздегі тыныс белгілер (1 сағат)

Қорытынды сабақ (1 сағат)

Практикалық сабақтар

«Практикалық қазақ тілі » таңдау курсына төрт практикалық сабақтар берілген.

№ 5 сабақ. Бақылау диктанты. Оқушылардың жас ерекшелігіне сай сөз саны бойынша берілген бақылау диктанты алынады. Диктант соңында қосымша тапсырмалар, талдау жұмыстары беріледі.

№ 13 сабақ. Деңгейлік тапсырмалар. Деңгейлік тапсырмалар дайындалып, қай деңгейдегі тапсырмаларды орындауды оқушы қалауына мүмкіндік беру.

№25 сабақ. Тест тепсырмалары. Қазақ тілінің барлық тараулары қамтылған тест тапсырмаларың орындау.

№33 сабақ. Бақылау жұмысы. Қима қағаздармен жұмыс. әр оқушыға қима қағаз таратып, қорытынды бағаларын шығару.

Білімді меңгеру деңгейін бағалау

Оқушылардың өз білімдерін қаншалықты меңгергені, күнделікті сабақ барысында жауап бергендеріне қарай бағаланады. Сонымен бірге бағалау критерийлерін құру арқылы практикалық сабақтарды өткенде бақылауға болады.

«Өте жақсы» - тіл байлығының молдығы, қажетті мәліметті дер кезінде еске түсіруі, қосымша мәліметтерді тиімді қолдануы, талдау жұмыстарын жоғары деңгейде орындауы.

«Жақсы» - ойының дәлдігін жалаң мысалдармен келтіруі, ережені дер кезінде еске түсіре алмауы, ойын жеткізуде тіл байлығының шорқақтығы.

«Қанағаттанарлық» - ойын жеткізуде көп кібіртіктеуі, ережелерді мүлдем білмеуі, тек оқулықпен шектелуі.

«Бекітемін»
Мектеп директорының м.а.
_____Ш.М. Айтжанова
«___»_____2023ж.

«Ұялы ауылының негізгі орта мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылындағы
«Көркем сөз мәдениеті »
үйірме сабағының жылдық жоспары

Пән мұғалімі: Боранбаева М

Түсінік хат

«Көркем сөз мәдениеті » факультативінің бағдарламасы бір жылға құрастырылған.

Бағдарлама 10-14 жас аралығындағы балалалардың жас ерекшелігіне, оның қабылдау түйсігіне сай құрастырылған. Факультативте оқушылар көркем оқу өнерін үйренеді. Үйірме баланың рухани дамуына, рухани білімінің баюына, оның жеке тұлға ретінде дамуына және қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді.

Факультатив жұмысының жоспары сағатқа сай құрастырылған. «Көркем сөз мәдениеті» бағдарламасы алты бөлімнен тұрады: Кіріспе. Тіл техникасы және оның мәні. Ойлау тілі. Орындау шеберлігі. Іс - әрекет - актерлік өнерд ің негізгі материалы. Этика және әдеп.

Факультативте тіл заңдылықтарына сай дұрыс сауатты сөйлеуге, сөйлеу техникасы - дұрыс дем алу, дикция, дауыс сапасын дамытуға, бір - бірімен қарым-қатынас жасай білуге үйрету көзделген. Пікір айту, баяндау, сипаттау, дәлелдеу, байланыстырып сөйлеу мүмкіндіктерін арттыру жұмыстары жүргізіледі.Сөйлеу техникасы, сөйлеу аппараты, дыбыстау мүшелері, сөздің айтылуы дауыстап оқу жайында мағлұмат беру; әдеби тілде дұрыс сөйлеу нормасын меңгеру; мәнерлеп оқу мен әңгімелеп берудің негізгі тәсілдері жайлы теориялық білім беру және оны меңгеру жолдарына бағыттау; қазақ халқының көркем сөзді мәнерлеп, өленді мақалдап оқу дәстүрімен таныстыру қаралған.

Әдеби мәтінмен жұмыс істеу барысында мынадай міндеттер атқарылады:

1) автордың шығармасында айтайын деген ойын оқушының жеткілікті деңгейде ұғынуына көмектесу, ол үшін қандай тәсілді қолданғанын, оқу барысында неге ерекше көңіл бөлу керегін;

2) шығармамен жұмыс барысында шығармадағы оқиғаға оқушының сенімді және белсенді қарым-қатынасын ояту, құбылысқа, табиғат көріністеріне, шығарма кейіпкерлеріне;

3) оқушыға шығарманы оқу барысында оқу міндеттерін анықтауына көмектесу, яғни өзінің оқуы арқылы тыңдарманының қандай да бір ой, сезімінің, бағасының тууына әсер ету;

Тіл қатынас құралы болғандықтан, оның өзара түсіну үшін жұмсалатынын (коммуникативтік қызметін) ескерумен бірге сөйлегенде ымдық қимылдар да (мимика) бірге қолданылатынын ескеру.

Факультативте уақыттың көбі әдеби шығармалардан үзінді оқуға, оқушының қалай оқығаны, қалай оқу керегі жайында өз пікірлерімен ой бөлісуге кетеді. Яғни тәжірбиелік жұмысқа көп уақыт бөлінеді.Бұл оқушыларды ұжымда жұмыс істей білуге және тыңдай білуге үйретеді.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері.

Мақсаты: Оқушыларға көркем сөз оқу өнерінен жан - жақты мәлімет бере отырып, сөз өнері мен сөйлеудің әдіс-тәсілдеріне төселдіру, сөйлеу техникасы - дұрыс дем алу, дикция (үні, сазы), дауыс сапасын дамыту жолдарын көрсету.

Міндеттері:

- әдебиетке деген қызығушылығын ояту;
- көркем оқудың негіздерін үйрету;
- көркем шығарманы талдай білуге үйрету;
- шығармашылық қабілетін дамыту;
- оқуға деген ынтасын қолдау;
- есте сақтауға ғана емес, ойлана білуге үйрету;
- оқу мәдениетіне тәрбиелеу;
- көркем шығарманы эстетикалық тұрғыда қабылдауын дамыту.
- баланың жеке шығармашыл дамуына қажетті жағдай тудыру;
- жалпы мәдениетті қалыптастыру;
- беріктілік, еңбекшілдік, өзара көмек жасай білу, жолдасына деген достық қарым-қатынасын, айналасына көңіл бөле білуге тәрбиелеу.
- сөйлеу техникасы, сөйлеу аппараты, дыбыстау мүшелері, сөздің айтылуы дауыстап оқу жайында мағлұмат беру;
- әдеби тілде дұрыс сөйлеу нормасын меңгеру; мәнерлеп оқу мен әңгімелеп берудің негізгі тәсілдері жайлы теориялық білім беру және оны меңгеру жолдарына бағыттау;
- қазақ халқының көркем сөзді мәнерлеп, өленді мақалдап оқу дәстүрімен таныстыру.

Бағдарламаның өзектілігі:

«Көркем сөз мәдениетиінде » бағдарламасын меңгеру нәтижесінде оқушылар көркем оқу туралы толық кешенді білім мен нақты білікке ие болады. Оқушыларды көркем әдебиет оқуға ынталандырады. Көркем әдебиетті оқу арқылы рухани білім алады.

Бағдарламадан күтілетін нәтиже:

Оқушылардың сөйлеу дағдысы қалыптасады, көркем сөйлеу мәнері, тілдік тәсілдер мен сөз шеберлігін орнымен қолдану қабілеттері дамиды.

Біледі.
- Көркем оқу деген не?
- Көркем оқу немен ерекшеленеді?
- Көркем оқу не үшін керек?

Біледі:
- Өз ой – қиялын керекті жеріне жұмсай біледі.
- Бейнелі ойлай білуді.
- Өз назарын бір жерге жинақтай білуге.
- Сахна кеңістігінде өзін сезіне біледі.
- Негізгі ойды анықтай біледі.

Дағдыларды қалыптастырады:

- Серіктестерімен дұрыс қарым – қатынас жасай білу;
- Актерлік шеберліктің әдіс – тәсілін;
- Көркем оқу техникасының әдіс – тәсілін;
- Қоршаған ортаны бейнелі қабылдай білу;
- Ұжымдық шығармашылық;
- Өз ойын еркін жеткізе біледі.

Бағдарламаданың тәрбиелік мәні:
- қазақ тілінен деген қызығушылықтары артады;
- көркем оқу туралы мағлұматтары кеңейеді;
- өзіне деген сенімі артады;
- жауапкершілік парызын түсінеді;
- ұжымда жұмыс істей білуге үйренеді;
- ой-өрісі кеңейеді;
- басқаның ойымен келісе білуге үйренеді;
- әдепті сөйлей білуге үйренеді.

Тақырыптық - күнтізбелік жоспар

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1.	Кіріспе. Үйірме жоспарымен танысу.	1	06.09.23
Тіл техникасы және оның мәні			**2**
1.	Дем және дауыс.	1	20.09.23
2.	Еркін тыныс алу мен тілдің еркін сөйлеуін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар.	1	04.10.23
Ойлау тілі			**3**
1.	Логикалық талдау.	1	24.10.23
2.	Мәтінді оқу барысындағы жасалынатын кідіріс.	1	08.11.23
3.	Дауыстап оқу.	1	22.11.23
Мәнерлеп оқу			**5**
1.	Интонация.	1	22.11.23
2.	Тіл әуені, оның маңызы.	1	06.12.23
3.	Тембр және оның маңызы.	1	20.12.23
4.	Көркем оқу өнерінің темпі-ырғағы.	1	10.01.24
5.	Стильдік мәнерлілік.	1	24.01.24
Орындау шеберлігі			**4**
1.	Ауызша әңгімелеу.	1	07.02.24
2.	Мысалдарды оқу.	1	21.02.24
3.	Шағын мәтіндерді оқу.	1	07.03.24
4.	Өлең оқу.	1	04.04.24
Іс-әрекет – актерлік өнердің негізгі материалы			
Этика және әдеп			**3**
1.	Сезім және әрекет.	1	18.04.24
2.	Әрекет түрлері.	1	02.05.24
3.	Шағын әңгімелер құрастыру.	1	16.05.24
	Шағын сахналық этюд.	1	
	«Адам – ең жоғарғы құндылық».		

«Бекітемін»
Мектеп директорының м.а.
_____И.М. Айтжанова
«___» _____2023ж.

«Ұялы ауылының негізгі орта мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылындағы
«Көркем сөз мәдениеті»
үйірме сабағының жылдық есебі
6-7СЫНЫП

Пән мұғалімі: Боранбаева М.М.

Түсінік хат

«Көркем сөз мәдениеті » факультативінің бағдарламасы бір жылға құрастырылған.

Бағдарлама 10-14 жас аралығындағы балалалардың жас ерекшелігіне, оның қабылдау түйсігіне сай құрастырылған. Факультативте оқушылар көркем оқу өнерін үйренеді. Үйірме баланың рухани дамуына, рухани білімінің баюына, оның жеке тұлға ретінде дамуына және қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді.

Факультатив жұмысының жоспары сағатқа сай құрастырылған. «Көркем сөз мәдениеті» бағдарламасы алты бөлімнен тұрады: Кіріспе. Тіл техникасы және оның мәні. Ойлау тілі. Орындау шеберлігі. Іс - әрекет -актерлік өнерд ің негізгі материалы. Этика және әдеп.

Факультативте тіл заңдылықтарына сай дұрыс сауатты сөйлеуге, сөйлеу техникасы - дұрыс дем алу, дикция, дауыс сапасын дамытуға, бір - бірімен қарым-қатынас жасай білуге үйрету көзделген. Пікір айту, баяндау, сипаттау, дәлелдеу, байланыстырып сөйлеу мүмкіндіктерін арттыру жұмыстары жүргізіледі.Сөйлеу техникасы, сөйлеу аппараты, дыбыстау мүшелері, сөздің айтылуы дауыстап оқу жайында мағлұмат беру; әдеби тілде дұрыс сөйлеу нормасын меңгеру; мәнерлеп оқу мен әңгімелеп берудің негізгі тәсілдері жайлы теориялық білім беру және оны меңгеру жолдарына бағыттау; қазақ халқының көркем сөзді мәнерлеп, өленді мақалдап оқу дәстүрімен таныстыру қаралған.

Әдеби мәтінмен жұмыс істеу барысында мынадай міндеттер атқарылады:

1) автордың шығармасында айтайын деген ойын оқушының жеткілікті деңгейде ұғынуына көмектесу, ол үшін қандай тәсілді қолданғанын, оқу барысында неге ерекше көңіл бөлу керегін;

2) шығармамен жұмыс барысында шығармадағы оқиғаға оқушының сенімді және белсенді қарым-қатынасын ояту, құбылысқа, табиғат көріністеріне, шығарма кейіпкерлеріне;

3) оқушыға шығарманы оқу барысында оқу міндеттерін анықтауына көмектесу, яғни өзінің оқуы арқылы тыңдарманының қандай да бір ой, сезімінің, бағасының тууына әсер ету;

Тіл қатынас құралы болғандықтан, оның өзара түсіну үшін жұмсалатынын (коммуникативтік қызметін) ескерумен бірге сөйлегенде ымдық қимылдар да (мимика) бірге қолданылатынын ескеру.

Факультативте уақыттың көбі әдеби шығармалардан үзінді оқуға, оқушының қалай оқығаны, қалай оқу керегі жайында өз пікірлерімен ой

бөлісуге кетеді. Яғни тәжірбиелік жұмысқа көп уақыт бөлінеді.Бұл оқушыларды ұжымда жұмыс істей білуге және тыңдай білуге үйретеді.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері.

Мақсаты: Оқушыларға көркем сөз оқу өнерінен жан - жақты мәлімет бере отырып, сөз өнері мен сөйлеудің әдіс-тәсілдеріне төселдіру, сөйлеу техникасы - дұрыс дем алу, дикция (үні, сазы), дауыс сапасын дамыту жолдарын көрсету.

Міндеттері:

- әдебиетке деген қызығушылығын ояту;
- көркем оқудың негіздерін үйрету;
- көркем шығарманы талдай білуге үйрету;
- шығармашылық қабілетін дамыту;
- оқуға деген ынтасын қолдау;
- есте сақтауға ғана емес, ойлана білуге үйрету;
- оқу мәдениетіне тәрбиелеу;
- көркем шығарманы эстетикалық тұрғыда қабылдауын дамыту.
- баланың жеке шығармашыл дамуына қажетті жағдай тудыру;
- жалпы мәдениетті қалыптастыру;
- беріктілік, еңбекшілдік, өзара көмек жасай білу, жолдасына деген достық қарым-қатынасын, айналасына көңіл бөле білуге тәрбиелеу.
- сөйлеу техникасы, сөйлеу аппараты, дыбыстау мүшелері, сөздің айтылуы дауыстап оқу жайында мағлұмат беру;
- әдеби тілде дұрыс сөйлеу нормасын меңгеру; мәнерлеп оқу мен әңгімелеп берудің негізгі тәсілдері жайлы теориялық білім беру және оны меңгеру жолдарына бағыттау;
- қазақ халқының көркем сөзді мәнерлеп, өленді мақалдап оқу дәстүрімен таныстыру.

Бағдарламаның өзектілігі:

«Көркем сөз мәдениетиінде » бағдарламасын меңгеру нәтижесінде оқушылар көркем оқу туралы толық кешенді білім мен нақты білікке ие болады. Оқушыларды көркем әдебиет оқуға ынталандырады. Көркем әдебиетті оқу арқылы рухани білім алады.

Бағдарламадан күтілетін нәтиже:

Оқушылардың сөйлеу дағдысы қалыптасады, көркем сөйлеу мәнері, тілдік тәсілдер мен сөз шеберлігін орнымен қолдану қабілеттері дамиды. Біледі.

- Көркем оқу деген не?
- Көркем оқу немен ерекшеленеді?
- Көркем оқу не үшін керек?

Біледі:

- Өз ой – қиялын керекті жеріне жұмсай біледі.
- Бейнелі ойлай білуді.
- Өз назарын бір жерге жинақтай білуге.
- Сахна кеңістігінде өзін сезіне біледі.
- Негізгі ойды анықтай біледі.

Дағдыларды қалыптастырады:

- Серіктестерімен дұрыс қарым – қатынас жасай білу;
- Актерлік шеберліктің әдіс – тәсілін;
- Көркем оқу техникасының әдіс – тәсілін;
- Қоршаған ортаны бейнелі қабылдай білу;
- Ұжымдық шығармашылық;
- Өз ойын еркін жеткізе біледі.

Бағдарламаданың тәрбиелік мәні:

- қазақ тілінен деген қызығушылықтары артады;
- көркем оқу туралы мағлұматтары кеңейеді;
- өзіне деген сенімі артады;
- жауапкершілік парызын түсінеді;
- ұжымда жұмыс істей білуге үйренеді;
- ой-өрісі кеңейеді;
- басқаның ойымен келісе білуге үйренеді;
- әдепті сөйлей білуге үйренеді.

дамыту ойлау тәсіліндегі тұлғалар, әлеуметтік мінез-құлық, тұлғаның жеке өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жүзеге асыру қабілеттері;

- тәрбие бүкілресейлік бірегейлік, азаматтық-құқықтық жауапкершілік,
- меңгеру әлеуметтік бейімделуге қажетті білім жүйесінің функционалдық сауаттылығы деңгейінде: қоғам туралы, негізгі әлеуметтік рөлдер, әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесу және адам мен азаматтың типтік әлеуметтік рөлдерін жүзеге асыру үшін қажетті қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу;
- меңгеру әлеуметтік ақпаратты қабылдау және түсіну, алынған мәліметтерді жүйелеу дағдылары; азаматтық қоғам мен мемлекет өміріне қатысу үшін қажетті танымдық, коммуникативтік, практикалық іс-әрекет тәсілдерін меңгеру;
- қалыптастыру әлеуметтік қатынастар, экономикалық және азаматтық қызмет, өзіндік танымдық іс-әрекет саласындағы типтік міндеттерді шешу үшін алған білімдерін қолдану тәжірибесі.

«Көркемсөз» үйірмесі бойынша - Халық ауыз әдебиеті: жаңылтпаштар.
II. «Қуыршақ театры» үйірмесі бойынша - Қойылым қоюға, сахналауға арналған ертегілерді таңдап алу: қазақ халқының ертегісі «Мақта қыз»; орыс халқының ертегісі «Бауырсақ». Сабақтың түрі: Біріккен сабақ (жаңа білім мен өткенді және пәндер арасындағы байланысты көрсету мақсатындағы сабақ). Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер: ¬ Дем алу мен дем шығаруға арналған жаттығулармен жұмыс ¬ Артикуляциялық жаттығулармен жұмыс ¬ Зейінді дамытуға арналған жаттығулармен жұмыс ¬ Қолғапты қуыршақтармен жұмыс жасалды.

«Көркем сөз мәдениеті» үйірме сабағында тіл заңдылықтарына сай дұрыс сауатты сөйлеуге, сөйлеу техникасы-дұрыс дем алу, дикция, дауыс сапасын дамытуға, бір-бірімен қарым-қатынас жасай білуге үйрету көзделген. Пікір айту, баяндау, сипаттау, дәлелдеу, байланыстырып сөйлеу мүмкіндіктерін арттыру жұмыстары жүргізіледі. Сөйлеу техникасы, сөйлеу аппараты, дыбыстау мүшелері, сөздің айтылуы дауыстап оқу жайында мағлұмат беру; әдеби тілде дұрыс сөйлеу нормасын меңгеру; мәнерлеп оқу мен әңгімелеп берудің негізгі тәсілдері жайлы теориялық білім беру және оны меңгеру жолдарына бағыттау; қазақ халқының көркем сөзді мәнерлеп, өленді мақалдап оқу дәстүрімен таныстыру қаралған. Тіл қатынас құралы болғандықтан, оның өзара түсіну үшін жұмсалатынын (коммуникативтік қызметін) ескерумен бірге сөйлегенде ымдық қимылдар да (мимика) бірге қолданылатынын ескертілді.

Бекітемін»
Мектеп директорының м.а.

Ш.М. Айтжанова

«Көркем жазу »
Үйірме курсының жылдық жұмыс жоспары
4 сынып

Факультатив жетекшісі: Боранбаева М.М.

2023 -2024 оқу жылы

4 -сыныбқа арналған

«Көркем жазу» факультатив курсының жылдық

күнтізбелік жоспары

Түсінік хат

Жүргізу формасы: танымдық сабақ, аралас сабақ, жарыс, дәстүрлі сабақ.

Аптасына 1 сағат. Жылына 34 сағат.

«Көркем жазу» курсын 1-4-сыныптарда оқытудың басты мақсаты оқушылардың жазу жағдысын жетілдіру. Күнделікті сабақта оқушыны мәнерлі жазуға бейімдеу. Әдемі жазу да өнер. Ол тек мектеп қабырғасында қалыптасады. Бастауыш сыныптарда сауаттылықтың алғашқы шарттары әріптерді үйретуден басталады. Әріп элементтерін дұрыс, таза жазу ережелерін сақтағанда ғана оқушыда мәнерлі жазу дағдысы қалыптасады.

Сондықтан жазу сабағы 1-сыныптан бастап осы талапқа сай өтуі тиіс. Жазу жұмыстарын оның ішінде көркем жазуды бастаудан бұрын оқушылармен даярлық жұмысын жүргізу керек.

· Біріншіден, жазу кезінде оқушының дұрыс отыруы, екі білектің стол үстінде болуы, көз бен қалам ұшы ара қашықтығы 25-30 см болуы;

· Екіншіден, дәптерді дұрыс орналастыру, яғни көлбеу қойылады. Бұл оқушылардың солдан оңға қарай көлбеу жазуына септігін тигізеді;

· Үшіншіден қаламды дұрыс ұстау, үш саусақпен еркін ұстау.

Жазудың әдемі болуы оқушының мінез-құлқын тәрбиелеуге, әсемдік сезімін оятуға, ой-өрісін дамытуға әсер етеді.

Жаттығу жазу кезінде әріптің көлемі, мөлшерінің бірдейлігі, бірдей ара қашықтықты сақтау ескеріліп отырады. Мұнан кейін жазу шапшаңдығын біртіндеп арттыруға көңіл бөлінеді.

Мақсаты: оқушылардың ойларын еркін және дәлелді түрде ауызша да, жазбаша да сауатты жеткізе білуін жетілдіру. Ауызекі және жазба тілде қарым- қатынас жасау дағдыларын дамыту, орфографиялық дағдылар мен көркем жазу дағдыларын қалыптастыру. Жазудың түрлі тәсілдері/көшіріп жазу, әріптік, буындық, сөздік, сөйлем, шағын мәтін т.б. арқылы сауатты жазуға үйрету.

Міндеттері: - бас және кіші әріптерді каллиграфия талаптарына сай жазуға дағдыландыру;

- әріптерді бір-бірімен өзара байланыстыра қосып жазуға үйрету;

- сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру;

- эстетикалық талғамға сай жазу әрекетін игеру арқылы каллиграфиялық көркем жазуын қалыптастыру;

Күтілетін нәтижелері:

- әріптерді каллиграфия талаптарына сай жазуға дағдыланады;

- әріптер сырын толық игеруге мүмкіндік алады;

- грамматикалық тапсырмаларды орындай алуға машықтанады;

- шығармашылық тапсырмаларды орындап үйренеді;

- сауатты жазу дағдылары қалыптасады.

«Көркем жазу» факультатив курсының жылдық күнтізбелік жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	«Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы,ерінбе	1	5.09
2	«Әдемі жаза білейік».	1	12.09
3	«Туған тілім – дарыған ана тілінен». Өлендер көшіріп жазу, мәнерлеп оқу	1	19.09
4	Ребус, сөзжұмбақтар шешу, құрастыру	1	26.09
5	«Ұлы ақынның ұлы сөздері». Абайдың жиырма жетінші қара сөзін көшіріп жазу.	1	3.10
6	шығармашылық жұмыс. «Күз» тақырыбына әңгіме құрастырып жазу	1	10.10
7	Абайдың отыз жетінші сөзін көшіріп жазу, талдау	1	17.10
8	«Кімнің жазуы әдемі?»	1	24.10
9	«Кім тапқыр?». Қызықты тапсырмалар орындау	1	7.11
10	Абайдың оныншы сөзін көшіріп жазу	1	14.11
11	«Кім көп мақал-мәтел біледі?» Мақал-мәтелдер жазу, мағына-сын ашу	1	21.11
12	Жаңылтпаштарды жатқа жазу	1	28.11
13	Сөздік диктант	1	5.12
14	Шығармашылық тапсырма. «Менің отбасым» тақырыбына әңгіме жазу	1	12.12
15	Ыбырай өленderін жатқа жазу	1	19.12
16	Ребус, сөзжұмбақ шешу	1	26.12
17	«Демалысымыз қалай өтті?» .Шығарма жазу	1	9.01
18	Тыйым сөздер жазу, мағынасын ашу	1	16.01
19	20 Сөздік диктант жазу	1	23.01
20	Ребус, сөзжұмбақтар шешу, құрастыру	1	30.01
21	«Қыстың қызықты ойындары». Шығарма жазу	1	06.02
22	Абай өленderін жатқа жазу	1	13.02
23	Шығармашылық тапсырма. «Көңілді қыс» тақырыбына әңгіме жазу	1	20.02
24	Сөздік диктант жазу	1	27.02
25	«Мақтанышым – Астанам» өленін қара сөзбен жазу	1	05.03
26	Көшірме диктант	1	12.03
27	«Көрікті көктем келді».	1	19.03
28	Жаңылтпаштар жазу	1	2.04
29	Сөздік диктант	1	9.04
30-31	Сөзжұмбақтар шешу құрас-тыру	2	16.04 23.04
32	Көшірме диктант	1	30.04
33	Тыйым сөздер жазу мағынасын ашу	1	14.05
34	Қорытынды сабақ	1	21.05

Бекітемін»